

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 136 қаулысымен  
"БЕКІТІЛГЕН"

## **"Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 19.02.2016 [№ 66](#) қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін [4 т.](#) қараңыз).

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру шешімін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру рұқсат беру (бұдан әрі - шешім) немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруден дәлелді жазбаша бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

### **2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерінің тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 271 "Жер қатынастары саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" [бұйрығымен](#) бекітілген "Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) [1-қосымшасына](#) сәйкес өтініш беру мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімді (іс-әрекетті) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) мазмұны:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері түскен құжаттарды тіркейді және 1 (бір) күнтүзбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады. Нәтижесі – тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар мазмұнымен танысады, резолюция жапсырып және 1 (бір) күнтүзбелік күн ішінде жер қатынастары саласындағы уәкілетті органның басшысына жолдайды. Нәтижесі – резолюция жапсыру;

3) жер қатынастары саласындағы уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады және жер қатынастары саласындағы органның жауапты орындаушысына 1 (бір) күнтүзбелік күн ішінде орындауға жолдайды. Нәтижесі – орындаушыға ұсыну;

4) жер қатынастары саласындағы уәкілетті органның жауапты орындаушысы 20 (жиырма) күнтүзбелік күн ішінде түскен құжаттардың заңға сәйкестігін қарайды, рұқсат

жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруден дәлелді жазбаша бас тартады. Нәтижесі – рұқсат жобасын дайындау;

5) көрсетілетін қызметті беруші 6 (алты) күнтүзбелік күн ішінде рұқсат қабылдайды, тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды. Нәтижесі – шешім қабылдайды және тіркейді;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 1 (бір) күнтүзбелік күн ішінде шешімді көрсетілетін қызметті алушыға ұсынады. Нәтижесі – рұқсат ұсыну.

### **3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-әрекеттерінің тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

жер қатынастары саласындағы уәкілетті органның басшысы;

жер қатынастары саласындағы уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

### **4. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-әрекет тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

7. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы және [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "Е-лицензия" веб-порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде рәсімдердің (іс- әрекеттердің) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің толық сипаттамасы құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-әрекеттерінің, соңымен қатар өзге көрсетірген қызмет берушілермен және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламентің [қосымшасына](#) сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

"Ауыл шаруашылығы  
алқаптарын бір түрден екінші  
түрге ауыстыру шешімін беру"  
регламентіне қосымша

### **Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығы**

